

Докторант Акынбекова Алтын Бакашовнаның «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, тинологиясы» атты «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған ғылыми диссертациясына рецензент

ІШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ журналдары сан қырлылығымен, ішкі қайшылықтары, қиындықтарымен ерекшеленеді. Төл журналистикамыздың қалыптасуымен дамуын зерттеуде бұл аса маңызды кезең. Бұл жөнінде баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде біршама жазылған. Дегенмен, ол кезең толық зерттелген деп тұжырымдай алмаймыз. Кеңес дәуірінде көбіне зерттеушілер қысқаша шолумен ғана шектеліп жүрді, сол кездегі саясаттың шеңберінен шыға алмады. Өйткені, бұл басылымдардың көпшілігіне саяси айыптар тағылып, шығарушы редакторларын «ұлтшыл», «байшыл», «алашордашылар», -деп қудаланғаны, тіпті жеке тұлғалардың ату жазасына кесіліп те кеткені тарихтан белгілі.

Тәуелсіздіктің алдында ғана жазықсыз жапа шеккен ұлт зиялылары ақталып, олар басып шығарған газет-журналдар қайта қарала бастады, жаңаша баға берілді. Соның ішіндегі ең сүбелісі – XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жарық көрген қазақ басылымдары, соның қатарында журналдарымыз. Себебі, тарихи өзгерістер алып келген уақыттағы көсемсөздің маңызы айрықша, ақпараттық саясат, қоғамдық пікір мен сананы қалыптастыруда, жаңа идеялар мен құндылықтардың орнығуындағы рөлі орасан еді. Ұлттық идеологиямыздың негізгі ұстанымдары сол кезеңде орнығып, қағаз бетінде рәсімделді, көп таралыммен бұқараға таратылды және идеялық күресте қару, құрал ретінде қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен маңызы, **ең алдымен**, қазақ журналистикасы тарихындағы маңызды оқиғаларды, деректерді саралауынан, жаңа мағлұматтар табуынан, жаңа концепция тұжырымдап, ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді. **Екіншіден**, журналистиканың сол кездегі құндылықтары мен басымдықтары күні бүгінге дейін өзекті және Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық идеологиямызбен үндес, мазмұндас. Сондай-ақ, Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларындағы «XXI ғасырдағы ұлттық сана», «Архив 2025» тақырыптарында көтерілген мәселелер зерттеу проблемаларымен сәйкес келеді. **Үшіншіден**, қарастырылып отырған кезең Алаш баспасөзі, оны ұран еткен саяси тартыс, ұлт болашағы үшін күрес уақыты болғандықтан, үндесетін де, ажырайтын да тұстары баршылық. **Төртіншіден**, қарастырылған басылымдар араб қаріпіндегі «ескі жазу» үлгісінде архивтерде сақталған, оны оқу, мазұнын талдау, авторларын анықтау және жүйелеу белгілі қиындықтар тудырады, зерттеушіден ғылыми машықтарды, әдістерді талап етеді. Араб қаріптерімен басылған басылымдардың көпшілігі архивтер мен кітапханалардың сирек

жазбалар қорында толық зерттелмей жатты. Алаш ардақтылары ақталғанымен кейінгі ұрпақ олардың баспасөзде не жазғанынан толық хабардар болмады. Араб қарпімен төте жазуды оқи алатындар аз болды. Осы негізде алып қарайтын болсақ, ізденуші А. Ақынбекованың зерттеу тақырыбы бойынша алған журналдарының біразын кирилл қарпіне ауыстырып, зерттеуі еңбекқорлығын, ғылыми сарапшылық қабілетін, жазуға бейімділігін көрсетеді. Оның ізденісінің нәтижесінде осы уақытқа дейін ғылыми айналымда болмаған журналдардың түпнұсқалары табылып, зерттеу нысандарына айналды.

Мысалы, докторант А.Ақынбекова «Абай» журналының бұрын ғылыми айналымға еңбеген 12-санын тапты. Ташкентте шыққан «Шаншар» журналының бірінші санының 2-ші нұсқасын Орталық архивтен іздеп тапты. Мәскеуден шыққан тұңғыш қазақ журналы «Темірқазықтың» 1,2,3 – сандарын (1925ж. р. Нәзір Төреқұлов), 1919 жылы Бөкей ордасынан шыққан тұңғыш педогогикалық «Мұғалім» журналының 7-санын (редакторы Ғабдолғазиз Мұсағалиев) Ғылым академиясының кітапханасынан тапты. Сонымен бірге бұл журналдардың көмекші оқу құралы ретінде «Қазақ» университеті» баснасынан факсимильді және кирилл қарпіне түскен нұсқасын жеке-жеке кітап ретінде басып шығарды.

2. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденушінің ой-пікірлері, тұжырымдары мен қорытындылары жүйелі әрі нақты. Зерттеу жұмысында ХХ ғасыр басындағы қазақ журналдарының тарихы, атқарған қызметі мен типологиясы ғылыми аспектіде зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізілген және алынған нәтижелер бір-бірімен байланыса қарастырылған. Атап айтқанда, А. Ақынбекованың диссертациялық зерттеуі кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың «Алаш ұранды басылымдардың идеялық-мазмұндық тренді» атты бірінші тарауында алаш ұранды басылымдардың тарихы, атқарған қызметі мен бағыт-бағдары қарастырылған. «Қазақ журналдары: қоғамдық сана модернизациясы (1921-1925)» атты екінші тарауда кеңес дәуірінде басылып шыққан журналдардың тарихы, идеясы мен мазмұндық ерекшеліктері жөнінде ғылыми тұжырымдар келтірілген. «Алғашқы салалық журналдардың әлеуметтік, ағартушылық қызметі» атты үшінші тарауда қазақ журналдарының шығу тарихына байланысты салалық басылымдарға бөліну үрдістері анықталады.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; өйткені диссертацияда ізденуші бір ғасыр бұрын басылған қазақ журналдарын бүгінгі қолданыстағы әріпке түсіріп, журналдың бағыт-бағдары мен онда басылған материалдарды толық ерекшейді, талдайды. Контент талдау әдісін қолданады.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; қазақ журналдарындағы ерекшеліктерге ғылыми тұрғыдан қарап, әрқайсысының өзіндік құндылықтарына баға берген, жаңа мағлұматтармен, тұжырымдармен байытқан. Салыстырмалы талдау әдісін ұтымды пайдаланады.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; мұнда Алтын Ақынбекова ғылыми этиканы сақтай отырып, кешегі мен бүгінгі ғылыми пікірлерді салыстырады, әр кезеңдегі ұлттық идеялардың арақатынасына тоқталып, осы бағытта зерттеу жүргізген көрнекті ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тұшымды соны тұжырымдар жасаған. Тарихи салыстыру әдісі кеңінен қолданылады.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; баспасөз тарихы тұрғысынан құнды, жаңа мағлұматтар, деректер, журналистер анықталады, кейбір бүркеншік есімдер мен авторлар нақтыланады.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Ізденуші ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ журналдарының шығу тарихы мен сол кезеңнің тарихи оқиғаларына мән бере отырып, қазақ журналдарын шығарудағы ұлт зиялыларының негізгі мақсаттары: ұлттың санасын ояту, сауатын ашу, шаруашылығын дамыту, мәдениетін өркендету, әдебиетін насихаттау жолындағы күрескерлік қасиеттерін ашып көрсеткен. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Ізденуші ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жарыққа шыққан журналдардың ішкі мазмұнын түпнұсқа негізінде қарастырып, журнал шығарудың қалыптасуы мен даму, таралуы жолдарын екшелеп, проблемаларын нақты деректермен дәлелдеп берген. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Қазақ журналдарының типологиясын жасап, Алаш баспасөзі, кеңес дәуірінде шыққан журналдар және салалық басылымдар ретінде топтастырған. Журналдардың ішкі құрылымына, мазмұнына орай талдаған. Осы уақытқа дейін баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өз тұжырымын жасағаны дәйектеледі және жұмыстың шынайылығын көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтиже. Қазақ журналистикасы тарихындағы жеке тұлғалардың қайраткерлігі мен суреткерлігіне тоқталып, жанкешті еңбегін, қайсарлығы мен табандылығын нақты мысалдармен дәлелдейді.

5. Академиялық адалдық принципі.

А.Б. Ақынбекованың зерттеу жұмысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған деп сеніммен айта аламыз. Диссертацияда жалпы саны 150 ден астам дереккөзді пайдаланған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырады. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтарын байқамадық.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Зерттеу тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие, қазақ журналдарының тарихи кезеңдерге орай атқарған қызметтері мен идеялық мазмұндық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талдануы, теориялық және практикалық мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген.

Зерттеу жұмысындағы деректерді, теориялық байламдарды журналистика факультетінің оқыту бағдарламаласында пайдалануға болады. Сонымен қатар,

ғылыми жұмыс «Қазақ баспасөзінің тарихы», «Алаш баспасөзі», «Журналистика тарихы» сынды арнайы курс жүргізуге мүмкіндік береді. Қазақ журналистикасының тарихы төңірегінде болашақта жүргізілетін басқа да ғылыми еңбектер, соның ішінде дипломдық және магистрлік жұмыстарды жазуда, ғылыми мақалалар мен докторлық зерттеу жұмыстары үшін дереккөз ретінде пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындыларының талапқа сай жеткілікті түрде жариялануы расталынады:

2 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 2 мақала шетелдік халықаралық, 4 мақала отандық халықаралық конференция жинақтарында, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы журналистика басылымдарында жарияланған. Зерттеу тақырыбына байланысты 6 қосымша оқу құралы басылып шыққан.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

1. Диссертант өзі архивтен танқан журналдардың мұқабаларын қосымша ретінде тіркеуі керек еді.

2. Диссертацияның соңында сол журналдарда жарияланған материалдарды қосымша ретінде тіркегенде, ғылыми жұмыстың сапасы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның кейбір жерлерінде тыныс белгілік, әріптік қателер кездеседі. Бұл ескертпелер зерттеушінің болашақтағы жұмыстарын жетілдіре түсуге септігі тисін деген ниетпен айтылған. Олар диссертацияның мазмұнына, ғылыми танымдық маңыздылығына, нәтижелерінің бағасына еш нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. Жоғары айтылғандарды негізге ала отырып, аталмыш диссертация ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкес келеді. Осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы Акынбекова Алтын Бакашовнаның «6D050400- Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Пікір беруші:

**Қазақстан Жазушылар одағы
Басқарма төрағасының орынбасары,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі**



Бауыржан Жақып